

Лебяжі ауылдық округі Аққу ауылының Ташимов көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 24 мамырдағы N 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 07 маусымда N 3549 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 09 қыркүйектегі N 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі әкімінің 09.09.2013 N 2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде Лебяжі ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Малдардың құтыру ауруының анықталуына байланысты Лебяжі ауылдық округінің Аққу ауылындағы Ташимов көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын өзім бақылаймын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Лебяжі ауылдық округінің әкімі *С. Халемов*

К Е Л І С І Л Д І
"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Лебяжі аудандық аумақтық инспекциясы"
Г. Сагалов
күні 23 мамыр 2013 жыл

